

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2010 жылдың 25 ақпанындағы  
№ 5 отырыс хаттамасы)

**Б е к і т і л д і**

2010 жылдың 01 наурызынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## "Қазақстан қор биржасы" АҚ Ішкі аудит қызметі туралы **Қ А Ғ И Д А**

---

Алматы қ.

2010

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

- 1.1. "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы осы Қағидада (бұдан әрі мәтінде - Қағида) "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі мәтінде – Ішкі аудит қызметі) мәртебесін, міндеттерін, функцияларын, өкілеттілігін және жауапкершілігін, сондай-ақ Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін анықталады.
- 1.2. Ішкі қызмет аудиті "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының Биржалық кеңесінің (бұдан әрі мәтінде – Биржалық кеңес) ішкі бақылау жүйесін объективті бағалауын және оны жетілдіру бойынша нұсқауларды ұсыну арқылы тәуекелге жататын адекваттық жүйесінің құрылуын және қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын міндеттерді шешу мақсатында құрылады.

Жалпыға ортақ халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі аудит – ұйымның шаруашылық қызметін жетілдіруге бағытталған, тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңестерді ұсыну бойынша қызмет болып табылады. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқаруды бақылау мен оның жүйесінің тиімділігін арттыру мен бағалаудың жүйелендірілген және бірізді тәсілін қолданып, ұйымның алға қойған мақсаттарына жетуге көмектеседі.
- 1.3. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау және лауазымынан босатуды Биржалық кеңес жүзеге асырады.
- 1.4. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің функциялары, міндеттері және құқықтары "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтінде - Биржа) ішкі нормативтік құжаттарында, осы Қағидада, жеке еңбек келісім-шарттарында, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарда анықталған.
- 1.5. Ішкі аудиттің сондай-ақ мынадай негізгі түрлері бар:
  - 1) қаржылық аудит, оның мақсаты есепке алу жүйесінің және ақпараттың және олардың негізінде жасалған Биржаның қаржылық есеп берулерінің сенімділігін бағалау болып табылады;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа қабылдаған басқа да реттеуші құжаттарға сәйкестікті тексеру аудиті, оның мақсаты, Биржаның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржа Жарғысын, Биржа органдарының шешімін, Биржаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын орындауын қамтамасыз ету үшін әзірленген, жүйелер сапасын бағалау болып табылады;
  - 3) операциялық аудит, оның мақсаты барлық операциялық жүйелердің, процестер мен процедуралардың сапасын және сәйкестігін, ұйымдастырушылық құрылымды, Биржа қызметін қамтамасыз етуге және өз мақсаттарына жетуіне арналған ресурстардың сапасын және жеткіліктілігін бақылау болып табылады;
  - 4) ақпараттық жүйелер аудиті, оның мақсаты Биржа қауіпсіздігінің (қорғалуының) сапасын, оларды қолданудың орындылығын және тиімділігін бағалау болып табылады.
- 1.6. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржа Жарғысын, Биржа органдарының шешімдерін, осы Қағиданы, Биржаның басқа да нормативтік құжаттарын, сондай-ақ ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.
- 1.7. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілмесе, бір жыл арасында Ішкі аудит қызметі, Аудит жөніндегі комитет бекіткен, жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ Биржалық кеңестің, Аудит жөніндегі комитет Төрағасының және/немесе Биржа Президентінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тапсырмаларды орындайды. Шұғыл тексерісті қажет ететін, штаттан тыс және жедел жағдайлар туындаған жағдайда, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбесе, Аудит жөніндегі комитет Төрағасын жазбаша хабардар етумен қатар, тапсырма Биржа Президентінің Бұйрығы арқылы, кейіннен Ішкі аудит қызметі жұмысының

жылдық жоспарына түзетулерді енгізу мәселесін Аудит жөніндегі комитетінің қарастыруымен, берілуі мүмкін.

- 1.8. Ішкі аудит жөніндегі қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау барысында Биржаның барлық құрылымдық бөлімшелерімен, оның еншілес ұйымдарымен, сондай-ақ (өз құзыретінің шеңберінде) басқа ұйымдарымен белгіленген тәртіпте өзара әрекеттеседі.
- 1.9. Қағидаға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Биржалық кеңес шешімімен жүзеге асырылады.

## **2 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

- 2.1. Ішкі аудит қызметі Биржалық кеңеске тікелей бағынатын және есеп беретін, Биржаның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Биржаның ішкі бақылау жүйесінің бір бөлігі ретінде қызмет етеді. Биржалық кеңеспен өзара әрекеттесуі Аудит жөніндегі комитет Төрағасы арқылы қамтамасыз етіледі.
- 2.2. Аудит жөніндегі комитет Ішкі аудит қызметін бақылайды, соның ішінде ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау, оларға сыйақы төлеу және жұмыстан босату мәселелері бойынша Биржалық кеңеске ұсыныстар береді.
- 2.3. Өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды тиісті орындау және объективті әрі әділ пайымдауларын қамтамасыз ету мақсатында Ішкі аудит қызметі, Биржалық кеңес пен Аудит жөніндегі комитеттен басқа, атқару органдарының ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс. Соның ішінде аудит нысандарын және көлемін анықтау, аудиттер нәтижелері туралы есептерді өткізу мен ұсыну процестеріне араласуға тыйым салынған.
- 2.4. Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігіне Биржалық кеңес және ішкі аудиторлардың өздерінің тікелей міндеттерін орындау кезінде объективті көзқарастарын қамтамасыз ететін, ұйымдастырушылық мәртебе арқылы қол жеткізіледі.
- 2.5. Ішкі аудит қызметі өзінің функцияларын орындау процесінде объективтілік пен бейтараптылық принциптерін сақтау мақсатында аталған қызмет қызметкерлері, Ішкі аудит қызметі өзінің негізгі міндеттерін орындауы барысында мүдделер қарама-қайшылығына әкелуі мүмкін, қандай да бір қызмет түріне еліктірілмеуі тиіс.

## **3 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ**

- 3.1. Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты Биржалық кеңес пен Аудит жөніндегі комитетке Биржа қызметін жетілдіруге бағытталған, тәуелсіз әрі объективті бағалау мен ұсыныстарды ұсыну, және Биржаны тиімді басқаруды жақсартуға, соның ішінде Биржалық кеңес және осы Қағидада белгіленген, өкілеттілікке сәйкес тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін басқаруды жақсартуға бағытталған, тәуелсіз және объективті бағалауларды ұсыну болып табылады.
- 3.2. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттер мен функциялары:
  - 1) бухгалтерлік есеп жүйелері және олардың негізінде әзірленген Биржаның қаржылық есептері сенімділігінің және тиімділігінің аудиті;
  - 2) Биржаның өз мақсаттарына жетуіне орынды сенімділігін қамтамасыз етуге арналған тәуекелдерді тұрақты анықтауға, бағалауға және бақылауға мүмкіндік беретін, Биржаның тәуекелдерді басқару жүйелері сенімділігінің және тиімділігінің аудиті;
  - 3) Биржаның ішкі бақылау жүйесінің сенімділігінің және тиімділігінің аудиті;
  - 4) Биржа ресурстарын тиімді қолдану және Биржа активтерін сақтау аудиті;
  - 5) Биржаның корпоративтік басқару процесінің аудиті;
  - 6) Биржа деректерінің тұтастылығының, қол жетімділігінің және құпиялылығының қорғалуы үшін ішкі бақылаудың адекватты құралдары болуының аудиті;

- 7) Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі аудиттің халықаралық стандарттарының, Биржа құжаттарының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау аудиті;
- 8) Биржаның этикалық стандарттары мен құндылықтарын сақтау аудиті;
- 9) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелеріне қатысты мәселелер бойынша Биржаның басқарушы органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттестіктің және ақпараттың ілгерілеу тиімділігінің аудиті;
- 10) Биржалық кеңес, Биржа Басқармасы, сыртқы аудитор және Ішкі аудит қызметінің арасындағы өзара әрекеттестіктің және ақпараттың ілгерілеу тиімділігінің аудиті;
- 11) Биржаның еншілес ұйымдарының аудиті;
- 12) Биржаның инспекциясы мен аудиті нәтижелері бойынша реттеуші және қадағалау органдарының, сыртқы аудитор мен Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын уақылы орындау аудиті;
- 13) Биржаның ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржалық кеңестің, Биржа Басқармасының және Президентінің кеңестері;
- 14) Биржа аудитін өткізуге күштерді қайталама жұмсауды болдырмау және шығындарды минимизациялау мақсатында сыртқы аудитормен қызметті үйлестіру;
- 15) Биржалық кеңес пен осы Қағидада анықталған өкілеттілік шеңберінде Биржалық кеңестің Ішкі аудит қызметіне жүктеген, басқа да функцияларды орындау.

#### **4 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

- 4.1. Өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын орындау мақсатында Ішкі аудит қызметі өткізілетін аудиттер шеңберінде тапсырма негізінде:
  - 1) сұхбат жүргізу және қажетті мәліметтерді алу үшін Биржаның және оның еншілес ұйымдарының барлық қызметкерлерімен хабарласуға;
  - 2) барлық құжаттамаларды және кез келген ақпаратты, соның ішінде Биржаның және оның еншілес ұйымдарының коммерциялық және қызметтік құпиясы болып табылатын, деректер мен ақпаратты алуға;
  - 3) мәліметтерді түзету құқысыз қарастыру режимінде тұрақты негізде Биржаның және оның еншілес ұйымдарының барлық ақпараттық және есептік базаларымен танысуға;
  - 4) ішкі аудитті өткізу процедуралары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды Биржалық кеңеске ұсынуға және Биржаның ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге;
  - 5) Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін оқытуға, қайта даярлауға, олардың біліктіліктерін арттыруға бағытталған бағдарламаларға қатысуға;
  - 6) қажет болған жағдайда арнайы білімді қажет ететін, Биржа қызметі салаларындағы ішкі аудит процедураларын өткізу үшін басқа ұйымдарды тартуға байланысты ұсыныстарын Аудит жөніндегі комитет төрағасына және/немесе Биржа Президентіне ұсынуға құқылы.

#### **5 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 5.1. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаға, жеке еңбек келісім-шарттарына, лауазымдық нұсқамаларға және Биржаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, Ішкі аудит қызметіне жүктелген, функциялар мен міндеттерді сапалы әрі уақылы орындауы үшін белгіленген тәртіпте жеке басымен жауап береді.

- 5.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері еңбек келісімдері мен Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өздері алатын ақпаратқа қатысты құпиялылық талаптарын сақтауға міндетті.

### **6 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 6.1. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері белгіленген тәртіпте:
- 1) Биржалық кеңес пен Аудит жөніндегі комитетке жүгінуге өкілетті;
  - 2) Биржалық кеңес және Басқарма мүшелерімен қарым-қатынастың және өзара әрекеттесудің ашық әрі тиімді процесін сақтайды;
  - 3) жұмыстардағы шектеулер, анықталған бұзушылықтар, заңсыз әрекеттер, мүдделер қарама-қайшылықтары, ішкі бақылау жүйесіндегі ақаулықтар және Биржаның және оның еншілес ұйымдары қызметіндегі басқа да маңызды аспектілер туралы Биржалық кеңеске және/немесе Аудит жөніндегі комитетке уақыты хабарлайды;
  - 4) Ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастыру, қызметін дамыту және тиімділігін жетілдіру бағыттары бойынша ұсыныстарын Биржалық кеңестің қарастыруына ұсынады;
  - 5) Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбесе, Ішкі аудит қызметінің жылдық жұмыс жоспарының әзірленуін қамтамасыз етеді, оны Аудит жөніндегі комитеттің бекітуіне ұсынады, және оның орындалуын бақылайды;
  - 6) Ішкі аудит қызметінің қызметіне қатысты, ішкі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді және оларды Биржалық кеңестің бекітуіне ұсынады;
  - 7) Ішкі аудит қызметінің қызметінде осы Қағидаға, Ішкі аудит қызметіне қатысты ішкі құжаттарға, және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келуді қамтамасыз етеді;
  - 8) егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбесе, Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептерді, соның ішінде:
    - Ішкі аудит қызметінің жұмысының бекітілген жылдық жоспарын орындау немесе орындамауы туралы;
    - Биржаның және оның еншілес ұйымдарының ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінде анықталған тәуекелдер мен ақаулықтар туралы;
    - өткізілген аудиттер нәтижелері бойынша анықталған ақаулықтарды жою бойынша Биржа Басқармасының және Биржаның еншілес ұйымдары басшыларының тиісті жоспалары туралы;
    - Ішкі аудит қызметінің алдына қойған міндеттерін тиімді орындауға кедергі келтіретін маңызды шектеулер туралы;
    - Ішкі аудит қызметінің басқа да маңызды аспектілері туралы есептерді Биржалық кеңеске және Аудит жөніндегі комитетке, Аудит жөніндегі комитеттің бекіткен, нысан мен мерзімде ұсынуды қамтамасыз етеді;
  - 9) Ішкі аудит қызметінің саны және құрамы бойынша, сондай-ақ Ішкі аудит қызметін қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары және сыйақы төлеу бойынша ұсыныстарды Биржалық кеңестің қарауына және бекітуіне ұсынады;
  - 10) Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары өзектілігінің мерзімді бағалануын қамтамасыз етеді;
  - 11) Биржалық кеңес пен Аудит жөніндегі комитет жүктеген, басқа да міндеттерді орындайды.

**7 тарау. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ**

- 7.1. Ішкі аудит қызметі өз қызметінің тиімділігін үнемі бағаланып отыруын (сыртқы және ішкі бағалау) қамтамасыз етуі тиіс.
- 7.2. Ішкі бағалауды (өзін өзі бағалау) жыл сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері жүргізеді, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына, Қағидаға және Ішкі аудит қызметі ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкестігі; түрлі мүдделі тараптар пікірі бойынша Ішкі аудит қызметінің нәтижелілігі және тиімділігі бағаланады.
- 7.3. Ішкі аудит қызметі жұмысының сапасын сыртқы бағалауды, әдетте, ішкі аудиттегі құзыретінің жоғары деңгейі және жұмыс тәжірибесі бар, білікті және тәуелсіз сарапшы немесе сарапшылар тобы, егер өзгесін Аудит жөніндегі комитет белгілемесе, жылына ең көбі бес рет жүзеге асырылуы тиіс. Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігінің сыртқы бағалауын жүргізуге тартылған, сарапшылар Биржа қызметкерлері болмауы тиіс.
- 7.4. Ішкі аудит қызметі қыметін ішкі және сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есептер Биржалық кеңестің, Аудит жөніндегі комитеттің, Биржа басқармасының және қажет болғанда сыртқы аудитордың қарастыруына жіберіледі.

Президент

Қ.Қ. Дамитов